

**Р.Ж Абнасырова**  
ф.ғ.к., ассистент профессор  
С.Демирель атындағы университет  
**К.Т.Әлімжанова**  
оқытушы  
№124 жалпы білім беретін орта мектеп

## **ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА АҚПАРАТТАҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

*The paper discusses innovative training technologies which have come instead of traditional methods of training. Innovative activity (technology) covers all sides of the didactic process: organization forms, the content and training technology, educational-cognitive activity. The following interactive training technologies, design training technology and computer technologies are allocated and characterized. Forms and methods of interactive training technologies, in particular: a problem lecture, a seminar-debate, the educational discussion, “brain storm”, didactic games etc. are considered.*

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім».

Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы жетістіктерді пайдаланып, білімнің жаңа деңгейі мен сапасына қол жеткізуге ұмтылу алға қойған мақсаттардың бірден-бірі. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа ақпараттық-коммуникациялық технология негіздері болып табылады. Қазіргі ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында компьютерлік техниканы, интернетті, компьютерлік желі, электрондық оқулықтарды тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың білімін күшейту және білім сапасын көтеру қажет болып отыр. Олай болса барлық сабақтарды ақпараттық технологияны пайдалану арқылы жүргізу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықтарды пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Кәсіби қазақ тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, студенттердің сөздік қорын молайту, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеудің қалыптасуы, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға дағдыландыру, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашуға болады.

Берілген мақалада «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша оқыту мен оқуда ақпараттақ-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі айтылған. Әр мамандықтың өз ерекшеліктеріне байланысты мысалдар көрсетілген.